

З.Л. Танатарова,
ҚазГЗУ, құқық магистрі, мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Адам және азаматтардың экологиялық құқықтарының түсінігі мен түрлері

Адам құқықтарын жаңа көзқараста сипаттаудың терең мағынасы олардың ерекше артықшылық мәртебесі мен қорғанудың жоғары дәрежесін мойындағандығында жатыр. Құқықтың заманауи жаңа қырлары қазіргі уақытта адам және азаматтардың негізгі құқықтарының қатарынан экологиялық құқықтары да маңызды орын алып отыр. Азаматтардың экологиялық құқықтарының бастаулары адамның өмір сүру құқығынан туындайды, яғни адамның экологиялық құқықтары мен бостандықтарын жеке құқықтары саласынан қарастырамыз. Бұл адамның бостандықтары мен еркіндік құқықтары сияқты қоршаған ортада еркін әрі қолайлы өмір сүруге толық құқылы деген сөз.

Қазақстанда адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ұлттық және халықаралық заңдылықтар мен конвенцияларға сүйенеді. Азаматтардың экологиялық құқықтары тиесілі табиғи және ажырамас құқықтардың бірі ретінде 1972 жылғы Стокгольм конференциясының және 1992 жылғы Қоршаған орта және даму бойынша конференцияның шешімдері негізінде халықаралық деңгейде мойындалған. Дүниежүзілік қауымдастық адам құқықтарындағы қоршаған ортаға құқығын қамтамасыз етпей, адам құқықтарының негізін салушы құқықты сақтау мүмкін емес екендігін дәлелдеп берді.

XXI ғасырда адамзат алдында тұрған басты проблема - экологиялық дағдарысқа байланысты пайда болған экологиялық құқықтар кез келген адамның өмірінде маңызды рол атқарады. Әрекет етуші заңнамаларда экологиялық құқықтардың жекелеген түрлерін көрсеткенмен, олардың мазмұнына қатысты түсіндірме бермеген. Экологиялық құқықтың түсінігі мен жалпы адам құқықтары жүйесінде алатын орнын және қандай құқықтар тобына жататындығы толық анықталмаған.

Конституцияда азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғауды айрықша атап көрсеткен мемлекеттер қатарына: Португалия (1976), Испания (1978), Түркия (1982), Бразилияны (1988) жатқызуға болады. Бұл мемлекеттердің Конституциялық заңнамаларында адам және азаматтардың экологиялық құқықтары мен оның қолданысын іске асыруды ерекше қарастырған. Мысалы, Испанияның Конституциясында 1-бөлімінің 45 бабында: «жеке тұлға қалыптастыруда қоршаған ортаны қолдануға барлық азаматтардың құқығы бар, соған теңестірілген түрде қорғауға міндетті» - делінген. Осыған ұқсас Болгарияның Конституциялық заңнамасының 55 - бабында: «Барлық азаматтар стандарттар мен нормативтік құқықтарына сәйкес, қоршаған ортада денсаулығына қолайлы өмір сүруіне құқығы бар. Әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға міндетті» - деп Конституциялық заңнама арқылы кепілдік бере отыра реттелген [1, 29 б.].

Қазақстанда адам және азаматтың қолайлы қоршаған ортаға құқығы алғаш рет, 1993 жылғы Конституциясында көрініс тапты. Экономикалық және әлеуметтік құқықтарға арналған 5-тараудың 26 бабында: «Республика азаматының өмір

сүру мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортада тұруға құқы бар» деп бекіткен болатын. Өкінішке орай, 1995 жылғы Конституцияның мәтінінде бұл құқық көрсетілмеді. Яғни, біздің елде бұл құқық конституциялық құқықтар тобына жатпайды.

Қолайлы қоршаған ортаға құқықтың жүзеге асырылуы қоғам өмірінің барлық салаларына (саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени) әсер етеді, сол себептенде оны Конституцияда көрсетуге барлық негіздер бар деп санаймыз. Қолданыстағы Конституцияның 31-бабының 1-ші тармағы «Мемлекет адамың өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген қағидамен шектелген. Дегенмен, қазіргі уақытта бұл бап өзінің заңдық табиғаты бойынша барлық экологиялық құқық нормаларының бастаушысы және құрылтайшылық нұсқауларды бекітетін нормалардың бір түрі болып табылады.

Жалпы, азаматтардың экологиялық құқықтары деп табиғатпен арақатынасы кезіндегі адамның өмірлік және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, заңдарда танылған және бекітілген, мемлекет тарапынан қорғалатын нормалар жүйесін айтамыз.

Ал, азаматтардың экологиялық құқықтарын мынадай негізгі түрлерге бөлуге болады:

- қолайлы қоршаған ортаға құқық;
- қоршаған ортаның жай-күйі туралы сенімді ақпарат алу құқығы;
- табиғи ресурстарды пайдалану құқығы;
- азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу, соның ішінде сот арқылы қорғау құқығы.

Қоршаған орта қолайлы болып саналуы үшін оның сапасы тазалық, табиғи ресурстарды молықтыру және ұтымды пайдалану, экологиялық тұрақтылық, биологиялық алуан түрлілік нормативтеріне сәйкес келіп, адамның басқа да мұқтаждықтарын қанағаттандыра алатындай дәрежеде болу керек. Қолайлы қоршаған ортаға құқық іс жүзінде жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан орнатылған экологиялық-құқықтық нормативтердің сақталуын талап ету бойынша нақты заңдық мүмкіндіктердің болуын білдіреді.

Тұлғаның құқықтық мәртебесін жалғыз ғана құқықтары

мен бостандықтары емес, сонымен қатар, міндеттері де құрайды. Қазақстанда адам және азаматқа тиесілі табиғатты қорғауға бағытталған бірқатар міндеттер жүктейді. Конституцияның 38-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деп бекітілген. Негізінен бұл міндет тек қана Қазақстанның азаматтарына емес, елімізде тұрып жатқан барлық адамдарға тән болуы шарт, оның ішінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға да қатысты болып келеді, бұл бапта «азамат» деген терминді қолдану орынсыз, сондықтан бұл мәселені қайта қарау керек деп санаймын [2, 52 б.].

Ең алдымен қолайлы қоршаған ортаға құқық бастаулары Конституциямызда айқын көрініс тауып бекітілуі тиіс. Сонда ғана конституциядан бастау алатын барлық заңнамаларда адамның экологиялық құқықтарын толыққанды қорғау көзделеді, бұл еліміздегі барлық адам мен азаматтардың денсаулығына қолайлы және табиғи таза қоршаған ортада өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Балашенко С.А. Международно-правовая охрана окружающей среды и права человека / С.А. Балашенко, Т.И. Макарова. Минск, 1999. - 312 с.*

2. *Садықова А. Конституционное право гражданина на благоприятную окружающую среду. ҚазМҰУ - ң хабаршысы. 2002, № 3.-112 б.*